


Кредиттік білім беру жүйесі

- Кредиттік жүйе алғаш рет Америка Құрама Штатында пайда болды. Оның негізін 1870 жылдары Гарвард университетінің Президенті, белгілі Американдық білім қайраткері Чарльз Элиот салып, «кредит–сағат» ұғымын қоғамға енгізген болатын. Бұл жүйе алғашында пәндер көлемі жүйесінің шешуін өлшеуші «кредит-сағат» болып енгізілді. 1892 жылдан бастап «кредиттік-сағаттық» жүйенің екінші кезеңі басталып, осы кезде АҚШ-тың ұлттық білім комитеті университет, колледж, мектеп топтарын жақсарту мақсатында, оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын тек университет пен колледждерде ғана емес, орта мектептерде де, енгізе бастады

Кредиттік оқыту технологисының құрамдас бөліктері






- Бакалавриатта 1 кредит 15 апта (семестр) бойы студенттің өзіндік жұмысының (СӨЖ) 2 сағатына мен аудиториялық жұмыстың 1 академиялық сағатына тең. Осылайша, кредиттің еңбек сыйымдылығы 45 академиялық сағатқа (15 сағат аудиторияда, 30 сағат – СӨЖ) тең.
- Студент бір семестрде 12 – 18 кредит, бір жылда 24 – 36 кредит жинауы керек.
- 4 жыл ішінде бакалавр 128 кредит, ал магистрант 6 жыл ішінде 176 кредит жинайды.
- Кредиттік оқыту жүйесі қолданылған оқыту үдерісі келесі формаларда ұйымдастырылған: аудиториялық сабақтар (дәрістер, тәжірибелік сабақтар), зертханалық сабақтар, студиялық сабақтар.
- Білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы (БОӨЖ) – әлем тәжірибесінде қабылданған Office Hours терминінің аналогы. БОӨЖ мақсаты – студентке аудиториялық сабақтар материалы бойынша, СӨЖ қосымша тақырыптары бойынша жеке кеңес алуға, оған қоса курстық жобаларды, есептеу-графикалық және бақылау жұмыстарын орындауға мүмкіндіктер туғызу.

- Қазақстан Республикасында кредиттік оқу жүйесі 19 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан біртіндеп қалыптаса бастады. Елімізде 2007 жылы 15 тамызда «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Осы заңның 11 бабында білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу, сонымен қатар кредиттік, дистанциялық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатыны атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында №66-шы «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген. Кредиттік оқыту технологиясы — бұл білім беру технологиясы, өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке алуды, білім беруді таңдап алған траекториясын регламенттеу болып табылады

ЖОО оқытудың кредиттік жүйесін енгізудің мақсаттары мен міндеттері төмендегідей

- ✓ - барлық отандық білім беру жүйесін оқытудың дүниежүзілік жүйесіне бірік-тіруді жеделдету;
- ✓ - білім беру стандарттарын жоспар-лау икемділігін талаптармен ыңғайлап біріктіру;
- ✓ - оқу пәнін таңдаудың академиялық еркіндігі;
- ✓ - әдістемелік құжаттардың бірыңғай жүйесін құру және оны үнемі жетілдіру;
- ✓ - баллдық және әріптік бағалауға көшу;
- ✓ - академиялық профессор, профес-сордың ассистенті сияқты профессорлық-оқытушы құрамының жалпы дүниежүзі бойынша мойындалған қызметтерін енгізу, сонымен қатар арнайы академиялық қызмет – тіркеуші кеңсесін (офис регистратора) құру;
- ✓ - кафедраның оқу жүктемесін жоспарлау үшін жаңа негіздер құру;
- ✓ - оқу үрдісін ұйымдастырудың принциптерін өзгерту;
- ✓ - студенттер ұжымын, топтарын қалыптастырудың механизмін жетілдіру;
- ✓ - оқу үрдісін ақпараттандыру деңгейін көтеру;
- ✓ - базалық оқу курсы бойынша студенттерді электронды немесе баспа түріндегі оқулықтармен және оқу материалдарымен қамтамасыз ету.



Кредиттік оқыту жүйесіндегі студент

Дәстүрлі оқыту жүйесіне оқитын студенттің айырмашылығы

Студентке жаңа талаптардың қойылуы

Компьютерді меңгеру

Интернет жүйесінде жұмыс жасай білуі (электронды пошта, ақпаратты іздестіру)

Психологиялық

Физиологиялық

Өзбеттілік

Тәртіптілік

Ниеттілік

ЖОО оқытушыларды таңдау мүмкіндігі

Тұлғалық-бағдарлы оқыту

«Бүкіл өмір арқылы» үздіксіз білім

Ақпараттық мәдениетті меңгеру (ақпараттық қоғамда өмір сүруге)

Кез келген географиялық орындарда оқу мүмкіндігі (шексіз)

Оқытудың жеке дара жылдамдығы